

Еуразиялық экономикалық одақтың "Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (ЕАЭО ТР 044/2017) өзгерістерді күшіне енгізу тәртібі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 89 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Мынадай:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 45 шешімімен қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың "Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінде (ЕАЭО ТР 044/2017) белгіленген міндетті талаптарға сәйкес оған қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 97 шешімімен Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 45 шешіміне өзгерістер енгізілген емдік-асханалық табиғи минералды су мен емдік табиғи минералды суды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндіруге және айналысқа шығаруға қоса алғанда 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін жол беріледі;

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген өнімнің айналысына дайындаушы белгілейтін жарамдылық мерзімі ішінде жол беріледі деп белгіленсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович